

**Е. Маралбек** 

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: elahau@mail.ru

## 1923 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕМЛЕСІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

**Аннотация.** Әр тілдің тарихы болған сияқты, оның таңбалық мәні – жазудың, емле ережесінің де тарихы бар. Ұлттық тілі бар қандай да бір елдің, халықтың, ұлттың жазу мәдениеті бірнеше дәуірді, тарихи кезеңдерді басып өтеді. Қазақ ұлттық жазуы 1912 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты қалыптасып, қазірге дейін әр жылдар сайын толығып, жетіліп, дамып отырғаны белгілі. Сондықтан қазақ тілінің емле ережелерінің әр даму кезеңі лингвистика үшін де, қазақ жазуының болашағы үшін де өте маңызды. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасының «ұлттық кезеңінің» басталуын сипаттайтын, 1923 жылы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы (ҚазАКСР) Оқу комиссариаты Жанындағы Академиялық орталықтың Білім кеңесі жариялаған 13 баптан тұратын «Қазақ тілінің жаңа емле ережесінің» тарихы мен ғылыми мәні талданады. Нақтырақ айтқанда, бұл ереженің қабылдануына себеп болған ғылыми және әлеуметтік алғышарттар, оның 1912 жылғы А.Байтұрсынұлы емлесімен байланысы, әр бабының ғылыми негізі мен мәні, жетістіктері мен кемшіліктері, Түркістан Автономиясы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Білім комиссиясының бұл емле ережені қабылдау алғышарттары, кейбір баптарының қысқару себептері, аталған ереже туралы қазақ зиялыларының тұжырымдары сияқты өзара байланысты әлденеше өзекті мәселелер ұштастырыла талданады.

**Тірек сөздер:** жазу, емле, Ахмет Байтұрсынұлы, XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімі, төте жазу.

**Е. Маралбек**

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: elahau@mail.ru

## ПРАВИЛА ПРАВОПИСАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА 1923 ГОДА И ЕГО СВЯЗЬ С ПРАВОПИСАНИЕМ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

**Аннотация.** Точно так же, как у каждого языка есть своя история, у него есть также и история символического значения – письма и правила правописания. Культура письма той или иной страны, народа, нации с национальным языком охватывает несколько эпох и исторических периодов. Известно, что казахская национальная письменность с 1912 года сложилась в связи с именем Ахмета Байтурсынулы и до сих пор пополняется, совершенствуется и развивается с каждым годом. Поэтому каждый этап развития орфографических правил казахского языка очень важен как для лингвистики, так и для будущего казахского письма. В статье анализируется история и научное значение «Нового правила правописания казахского языка», состоящего из 13 статей, описывающих начало «национального этапа» реформы письма Ахмета Байтурсынулы, опубликованного Советом образования Академического центра при учебном комиссариате Казахской Автономной Советской Социалистической Республики (КазАССР) в 1923 году. В частности: анализируются такие актуальные вопросы, как научные и социальные предпосылки, которые привели к принятию этого положения, его связь с правописанием Байтұрсынұлы 1912 года, научная основа и значение каждой статьи, достижения и недостатки, предпосылки принятия этого правила правописания комиссией по образованию при Народном комиссариате просвещения Туркестанской автономии, причины сокращения некоторых параграфов, выводы казахской интеллигенции об этом положении.

**Ключевые слова:** письмо, правописание, Ахмет Байтұрсынұлы, казахское языкознание начала XX века, төте жазу.

**Е. Maralbek**

Institute of Linguistics named after Ahmet Baitursynuly, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: elahau@mail.ru

## THE SPELLING RULES OF THE KAZAKH LANGUAGE IN 1923 AND ITS CONNECTION WITH THE SPELLING OF BAITURSYNULY

**Abstract.** Just as every language has its history, it also has a history of symbolic meaning – letters and spelling rules. The writing culture of a particular country, people, or nation with a national language covers several epochs and historical

periods. It is known that the Kazakh national script has been formed since 1912 in connection with the name of Akhmet Baitursynuly and is still being updated, improved, and developed every year. Therefore, each stage of the development of the spelling rules of the Kazakh language is very important both for linguistics and for the future of Kazakh writing. The article analyzes the history and scientific significance of the "New Spelling Rule of the Kazakh language", consisting of 13 articles describing the beginning of the "national stage" of Akhmet Baitursynuly's letter reform, published by the Council of Education of the Academic Center at the Educational Commissariat of the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic (KazASSR) in 1923. In particular, there are analysed such topical issues as the scientific and social prerequisites that led to the adoption of this provision, its connection with the Baytursynuly's spelling in 1912, the scientific basis and meaning of each article, achievements and disadvantages, prerequisites for the adoption of this spelling rule by the Education Commission under the People's Commissariat of Education of the Turkestan Autonomy, the reasons for the reduction of some paragraphs, conclusions of the Kazakh intelligentsia about this situation.

**Keywords:** writing, spelling, Akhmet Baitursynuly, Kazakh linguistics of the early twentieth century, tote writing.

## Кіріспе

XX ғасыр басында қазақтың ұлттық жазуы қалыптасқаны белгілі. Қазақ жазба мұрасы, жазу дәстүрі бұған дейін де болғанымен, ортақтүркілік сипатта еді және дәстүрлі қазақ қоғамының жазба коммуникациясы жүзеге асыратын жалпыхалықтық мұра емес, шағын топ, жоғары тап өкілдері арасындағы диалогтер үшін қолданылатын құрал болып келді. Сонымен қатар жазу тіл мүмкіндігін толық бейнелейтін, ұдайы жетіліп, қоғамға сай жаңарып отыратын лингвистикалық құбылыс емес, дінмен берік байласқан, шартсыз мойындалып, тегіс қабылданатын, жаттанды түрде дағдыға енетін стереотипті үрдіс болып келді. Жазуда «ұлттық» деген ұғым атымен болмады. Ұлттық жазу ұлттық емле арқылы ғана қалыптасады. Ұлттық жазу белгілі бір тілдегі төл дыбыстардың таңбаларын ғана емес, сол тілдің ішкі заңдылықтары тудырған, тіл табиғатын толық бейнелейтін жазу қағидаттарын, емле ережелерді де көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1911-1912 жылдардан бастап ортақтүркілік сипаттағы арабграфикалы ескі жазу дәстүрін қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық ерекшелігіне бейімдей бастады. 1912 жылы «Айқап» журналының 4-5 сандарында жарық көрген «Жазу тәртібі» атты мақаласында ортақтүркілік негіздегі ескі қазақ жазуын ұлттық арнаға, қазақ тілінің ішкі заңдылығына икемдей бастағанын алғаш байқатты. Осымен жалғас сол жылы «Оқу құралы» атымен қазақша әліппені жарыққа шығарды. Бұл әліппе бұған дейінгі қазақша әліппелерден мүлде басқаша сипатта, өзгеше тәртіппен құрастырылды. Оның негізгі ұстанған жолы – қазақша «төте оқу» деп аталатын, «ысул жәдит» тәртібі еді, яғни жазуды әріп негізінде емес, дыбыс негізінде үйрету. Бұл әліппе сөйлеу деген не, сөйлем деген не, сөз деген не, буын деген не, дыбыс деген не және бұлардың таңбалық сипаты – жазу деген не, қаріп деген не, соларды жүйелі түсіндіріп барып, әрі қарай сауатты, тәртіппен жазуды үйрететін жол еді.

Ахмет Байтұрсынұлы жазу реформасының бұл кезеңінде мың жылдық тарихы бар ескі жазба дәстүрге бірнеше жылда түбегейлі өзгеріс енгізуді көздемеді. Ол жолдың сәтті болмайтынын да жақсы аңғарды. Керісінше сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайды, ұлттың рухани деңгейі мен әртүрлі діни факторларды ескеріп, тілдік реформаның заңдылығын жете түсініп және толық негізге ала отырып, интегративті (құрмалас) сипаттағы қазақ әліпбиі мен емлесін қалыптастырды. Өтпелі кезең сұранысына сай қадім, жәдит жазу жүйесі мен ұлттық емлені сәтті үйлестіре білді. Яғни, араб таңбаларының негізгі тұрпатын сақтап, оны қазақ тілі дыбыстарының табиғатына бағынған ұлттық жазуға айналдырды.

Бұл емле ережелер «Баяншы» атауымен 1912 жылы әліппе астары, әліппеге жалғас 3-кітап ретінде жеке жарық көрді, одан соң «Тіл-құрал» еңбегінің 1914-1922 жылғы 1-4 басылымдарында тарау, баптар бойынша жүйелі түрде, кеңінен түсіндірілді. Міне, осы жазу жүйесі жалпыұлттық «Қазақ» газеті арқылы тұтас қазақ даласына тарады және қазақ халқын сауаттандыруға 1912-1922 жылдарда 10 жыл қызмет етті.

Кеңес Одағы орнаған алғашқы жылдардан бастап Одақ құрамындағы автономиялы республикаларда ісқағаздарды, білім беруді, кеңсе тілін жергілікті ұлт тілінде жүргізу үдеріс алды. Осыған сәйкес ҚазАКСР-да да білім беру, баспа, ісқағаздар тілін қазақыландыру басталды. 1921 жылы ҚазАКСР Оқу комиссариаты жанынан Академиялық центр құрылып, онда бірнеше кеңестер өнімді жұмыс істеді. Солардың бірі – Білім кеңесі болатын. Бұл кезде қазақ зиялыларының талантты шоғыры қалыптасып үлгерген болатын. Олар осы Білім кеңесі

төңірегіне топтасып, қазақша оқулықтар жазу, білім беру ісі мен баспа жұмыстары жүйеге түсіру жұмыстарымен белшешіп айналысты. Бұған сәйкес қазақтілді қауымның сауаты артып, қазақ мәтіндеріне сұраныс артты және жазудың оңтайлылығы мен тіл жүйесін дұрыс беруге талпыныс күшейді. Тіл мен жазудағы көптеген мәселелерге енді сыртқы факторлар тұрғысынан емес, нағыз ғылыми тұрғыдан қарау басталды. Сол себепті 10 жыл бойы қолданылып келген Ахмет Байтұрсынұлының «өтпелі кезең» емлесінің ортақтүркілік, қадім, жәдит элементтерін біртіндеп қазақ емлесінен ығыстыру үдерісі басталды. Бұған Ахмет Байтұрсынұлының өзі бастамашы болды. Мұның нәтижесі – біз ғылыми негізін және оның А. Байтұрсынұлы емлесімен байланысын сөз еткелі отырған, 1923 жылы қабылданған, 13 баптан тұтатын «Қазақ тілінің жаңа емле ережесі».

Аталған емле ереже әуелде ҚазАКСР Оқу комиссариаты Білім кеңесі тарапынан дайындалып, ҚазАКСР Оқу комиссары Нұғыман Залыұлы, Білім кеңесінің басшысы Ахмет Байтұрсынұлы, Білім кеңесінің хатшысы Елдес Омарұлының қол қоюымен 1923 жылы наурыздан бастап «Еңбекші қазақ» бастаған бірнеше мерзімді басылымдарда қатар жарияланды. Ал осы жылдың 23 наурызында Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты Аймақтық Қазақ-қырғыз Білім комиссиясының №71 қаулысымен бұл ереженің 12 бабы қабылданды. Білім комиссиясының құрамында Х. Досмұхамедов (төраға), М. Жұмабаев (мүше), Ә. Диваев (мүше) қол қойды. 27 наурызда Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссары С. Қожановтың №43 бұйрығымен бекітеді. Аталған Ереже жеке кітапша түрінде жарық көрген. Кітапша 2012 жылы ҚР Орталық ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорынан табылды. Дегенмен ол мақалада бұл ереженің бұған дейінгі және өзінен кейінгі емле ережелермен байланысы терең талданбады.

1926 жылға дейін қазақ мемлекетігі екі республика шегінде қалыптасты. Сондықтан бірінде болған білім, мәдениет саласындағы өзгерістер мен реформалар екіншісінде де көрініс тапты. Қазақтілді оқулықтардың тапшылығы, ұлттық ғылымды көтеруге азаматтық талпыныс, ғылымға деген құмарлық, осы сияқты көптеген түрткіжайттар қазақ зиялыларының білім саласында өзара тығыз қарым-қатынасы мен ынтымақтастығын туғызды. Оның нақты дәлелдерінің бірі ретінде де осы 1923 жылғы «Қазақ тілінің жаңа емле ережесін» айтуға болады.

### **Материал және әдістер**

Бұл емле ереже А. Байтұрсынұлы емлесінің заңды жалғасы, жазу реформасының кезекті кезеңі болғандықтан, оның ғылыми мәні А. Байтұрсынұлы емлесімен салыстыра талдағанда ғана ашылады. Сондай-ақ алғашқы қазақ зиялыларының ортақ ізденісінің нәтижесі ұжымдық еңбек болуымен де құнды. Бұл, бір жағы – қазақ жазуының демократиялық сипат алып, ұлттық мұраға айнала бастауының да көрсеткіші. Сондықтан да оны салыстыра терең талдаудың маңызы зор.

Аталған ережеге дейін 1914-1922 жылдар аралығында қолданылған, «Баяншы», «Тіл-құрал» еңбектерінде берілген А. Байтұрсынұлы емлесі болғаны белгілі. Ғалымның тіл реформасының ең бір көрнекті тұсы, ондаған ғасыр шегін қамтитын ірі жаңалығы, осы – «Қазақ тілі емле ережесі» болатын. Емле ережесі «Тіл-құрал» 1-кітабының әр жылдардағы 7 басылымында «Жазу қағидаттары», «Жазу ережелері», «Сөз жазуының жалпы ережелері», «Мұғалімдер үшін баяндама» деген арнайы тақырыппен берілді. «Тіл-құралдың» 1922 жылға дейінгі басылымында дауысты және дауыссыз дыбыс қаріптерінің жазылуына 10 ереже, түбір мен қосымшаның жазылуына 24 ереже арналған (Байтұрсынұлы, 1914), (Байтұрсынұлы, 1918), (Байтұрсынұлы, 1920), (Байтұрсынұлы, 1922), (Байтұрсынұлы, 1923), (Байтұрсынұлы, 1924). Сондай-ақ 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің стенографиясы да (QBTS: 1924) аталған 1923 жылғы емле ереженің ғылыми мәні мен теориясын түсінуге мүмкіндік береді.

Мақсатқа жету үшін бұл материалдарға талдау бірнеше бағытта және бірнеше әдіс, тәсілдерді қатар қолдана отырып жүргізіледі. Әуелі қазақ емлесінің 1924 жылға дейінгі даму үдерісіне қысқаша шолу жасала келіп, олар өз ішінде салыстырылады және оған дейінгі қадім, жәдит жазуларымен де байланыстыра отырып, ғылыми мәні негізделеді. Сондықтан бұл кезеңде салыстырмалы әдіс қолданылады. Содан кейін 1923 жылғы 13 бапты ережені *әріптердің емлесі, түбір мен қосымшаның емлесі* деген әлденеше тақырыптық топтарға жіктей келіп, жүйелі түрде

қарастырылады. Мұнда жүйелеу, топтастыру тәсілдері қолданылады. Жазу сөздің, буынның, дыбыстың таңбалық құрылымын, тіпті сөздердің синтаксистік қатынасы мен олардың екпін, интонациямен қатысын графикалық құрылымға тигізер ықпалын анықтау болғандықтан, мұнда міндетті түрде құрылымдық әдіс барлық кезеңде кеңінен қолданылады. Емле бір кезеңнің тілдік сипаты мен оған әсер етуші түрлі тілдік және тілден тыс факторлардың нәтижесі болғандықтан, сол кезең тілінің табиғатын толық ашу үшін сипаттамалы әдіс қолданылады. Кейде әрбір жеке таңбаға дейін бөлшектеп, оның тілге, жазуға әсері, шығу тарихы баяндалады. Бұл кезде синтез әдісі қолданылады.

### **Әдебиетке шолу**

Тәуелсіздік жылдарында А. Байтұрсынұлы әліпбиі, емлесін жан-жақты қарастырған көлемді ғылыми монографиялар жазылмаса да, зерттеу мақалалары үздіксіз жазылып келеді. Дегенмен көпшілік зерттеушілер ғалым еңбектерінің түпнұсқасы негізінде емес, әр жылдарда кирилмен қайта басылған аударма нұсқалар пайдаланып жүргізілгендіктен, тыңғылықты тұжырым, терең талдау, дөп таным кемшін болып келді. Бұл жалпы XX ғасыр басындағы қазақ емлесі туралы толыққанды зерттеулер жоқтың қасы екенін анық көрсетеді. XX ғасыр басындағы қазақ емлесі А. Байтұрсынұлы емлесімен тікелей байланысты болғандықтан, емле, тіпті тіл білімінің кез келген мәселесі бойынша ғалым еңбектеріне соқпай өту мүмкін емес және ол тыңғылықты тұжырымға әкелмейді.

Біз зерттеу нысаны етіп отырған 1923 жылғы «Қазақ тілінің жаңа емле ережелері» бұған дейін арнайы қарастырылып, толыққанды талданбаған. Тіпті ереженің өзін емле, жазу туралы еңбектерден табу қиын. Біз бұл ереженің Түркістан Республикасының Білім комиссиясы мақұлдаған 12 бап нұсқасын ғана 2018 жылы жариялағанбыз. Ал ҚазАКСР Білім кеңесінің 13 бапты түпнұсқа ережесі бұрын-соңды жарияланбаған. Сондықтан зерттеу нысаны ретінде бұл тақырып тың. Жалпы XX ғасы басындағы жазу мәселесі, Ахмет Байтұрсынұлының емлесі туралы зерттеулер жасаған ғалымдардың қатарында Р.Сыздық (Сыздықова, 1993), Н.Уәли (Уәли, 1999), Б.Момынова (Момынова, 2022), (Момынова, 2023), Қ.Күдерінова (Күдерінова, 2013), Н.Әміржанова (Әміржанова, 2023), Г.Мамырбек (Мамырбек, 2019), Е.Маралбек (Маралбек, 2019) еңбектерін атауға болады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ахмет Байтұрсынұлы емле ережелерінің құрылымы мен мазмұнын, әр жылдар мен әр басылымдары бойынша салыстыра келгенде, хронологиялық тұрғыдан 3 тарихи орфографиялық кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олар: 1-кезең – 1912-1922 жж., 2-кезең – 1923-1924 жж., 3-кезең – 1925-1927 жж. Қарастырып отырған 13 баптан тұратын 1923 жылғы «Қазақ тілінің жаңа емле ережесі» осы екінші кезеңге (ұлттық кезең) жатады. Ендігі кезекте аталған емле ережені бірнеше мазмұндық топтарға жіктей отырып, ғылыми мәніне талдау жасап қарайық:

Ереженің 1, 2, 3-баптар қаріптердің емлесі туралы. Бұлар төмендегідей:

1. *Дауысты «ы» ноқатсыз «ә», «ә», «ә» қаріптерімен жазылады, жарты дауысты «и» астына екі ноқат қойылып «ә», «ә», «ә» қаріптерімен жазылады. «ә» (ы) қарпі бітеу буында ғана жазылмайды, бас буын ашық болса, онда да қалмай жазылып отырады. «ә» (ы) бас буында жазылмайды деген ереже бұзылады.*

2. *«ә» қарпімен (үтірлі «ә») дауысты «ұ» ғана жазылады, жарты дауысты «у» үстіне үш ноқат қойылған «ә» қарпімен жазылады.*

3. *Астында тік жәнді екі ноқаты бар «ә» қарпі қазақ әліпбиінен шығарылады, мұның орнына үшкіл қалыпты «ә» (е) жазылады. Сөздің бас буынында «ә» (е) орнына «ә» жазылады деген ереже бұзылады.*

Қаріптердің емлесіне арналған бұл ереженің түпнегізі тым әріде. Араб тілінде «ا» (а), «و» (о), «و» (и) үш дауысты дыбыс бар екені белгілі. Араб тілінің емле ережесіне сәйкес бұл қаріптер сөз ортасы мен сөз аяғында ғана сирек жағдайда, өзінің алдындағы дауыссыз дыбысты созып айту үшін жазылған, яғни таңба ретінде созылыңқылық қызмет атқарады, одан басқа кезде жазылмай, мәні харакаттармен («аст», «үст» белгілермен) беріледі. М. Қашқари бұл үш таңбаны «мад белгі» деп атап, оның қызметін арнайы түсіндіреді (Қашқари, 1997: 32-43). Дауысты дыбыстар жазылмай, харакаттар арқылы берілетін араб тілінің емле ережесі арабтаңбалы түркі

жазуларында соңғы ғасырларға дейін сақталған. Араб әліпбиіндегі үш дауысты дыбыс таңбасы (қаріп) қазақ тілінде үш түрлі дауысты дыбыстар тобына балама болады: «ا» таңбасы «а, ә» дауыстыларын, «و» таңбасы «о, ө, ү, ұ, у» дауыстыларын, «ي» таңбасы «ы/i, е, и» дауыстылар тобын таңбалайды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы арабграфикалы ескі қазақ жазуына (қадім, жәдит жазулары) реформа жасап, қазақ тілінің төл 24 дыбысы негізінде жаңа қазақ әліпбиін түзді және оның емле ережелерін жасады. Дауысты дыбыстар таңбаланбай, харакаттар арқылы берілетін ескі жазу дағдысының орнына, әр дыбыс өз алдына қаріптермен таңбаланатын жаңа жазу жүйесін енгізді. Бұл туралы ғалым 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында былай дейді: «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап. Оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. «Тәртіпті жазу» деп айтамыз тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (қарпі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ, бір белгіменен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз. Мысалы, «و»-мен жазамыз бес түрлі дыбысты, «ي»-менен жазамыз үш түрлі дыбысты» (Байтұрсынұлы, 1912: 85). Арабграфикалы ескі қазақ жазуында дауыссыз дыбыстарды таңбалауда айтарлықтай қиындық жоқ, қаріп үшеу-ақ болғандықтан, қиындық дауысты дыбыстарды таңбалауда.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде 24 төл дыбыс барын анықтап, оларды дауысты, дауыссыз және жарты дауысты деп үш топқа жіктейді де, тек жуан нұсқаларын (негізгі реңкін) таңбалайды. Сол себепті қазақ тілінде «а», «о», «ұ», «ы» мен варианты жоқ жіңішке дауысты «е»-ні қосқанда, 5 дауысты дыбыс бар деп көрсетеді. Ал «ә», «ө», «ү», «і»-лерді жуан дауыстылардың жіңішке айтылуы ретінде көрсетіледі. Қазақ тіліндегі осы бес жуан дауысты дыбысты жеке-жеке таңбалауға араб әліпбиіндегі үш дауыстының қарпі жетпеді, сондықтан қазақ дауысты дыбыстарының жіңішке нұсқаларын ереже арқылы, ал таңба жетпеген жуан дауыстыларды араб әліпбиіндегі «ا» (а), «و» (о), «ي» (и) үш дауыстының қаріптерін түрлі диакритикалық белгілермен өзгерту арқылы таңбалады. Таратып айтсақ: әліп («ا») үстіне мәт белгі («~») қойып, «ا» таңбасымен сөз басындағы [а] дыбысын, уау («و») таңбасымен [о] дыбысын, «ي» және оның сөз басы мен сөз ортасында өзге әріптерге тіркесіп жазылатын «ء», «آ» түрлері арқылы [ы] дыбысын, уау («و») -дың үстіне үтір («'») қойылған «ؤ» таңбасымен [ү] дыбысын таңбалады. «ا», «و», «ؤ», «ي» қаріптері жазылған сөздердің алдына дәйекші («ء») қойып, жуан дауыстылардың [ә], [ө], [і], [ү] жіңішке оқылуын сипаттады. Ал жоғарыда айтқан [ы] дыбысы үшін алынған («ء», «آ») таңбасының екі нүктесін тігінен қойып («ء», «آ»), жіңішке дауысты [е] дыбысының сөз басы мен сөз ортасындағы позициясын таңбалады, «آ» таңбасы қаріптерге соңынан жалғасатындықтан және «و» таңбасы қаріптерге мүлде қосылмайтындықтан, [е] дыбысының сөз басы мен жеке түрін таңбалау үшін жұмсалды. Міне, мұндай шарттылыққа құрылған қазақ емлесі қадім, жәдит жазуынан жеңілдеу болғанымен, бәрібір өзіндік қиындығынан арылмады. Бұған қоса жарты дауысты [й], [у] дыбыстардың өз алдына таңбасы болмауы: ол кейде [ү] дыбысының «ؤ» таңбасымен, кейде [о] дыбысының «و» таңбасымен жазылуы, сондай-ақ [й] дыбысы барлық жерде [ы] дыбысының жоғарыда көрсетілген «ي», «آ», «ء» таңбаларымен таңбалануы шарттылық пен шатасу мүмкіндігін күшейтті, графикалық тұрпаты бірдей сөздер санының көп болуы сөздерді дұрыс түсінуге, сауатты жазу мен жылдам оқуға кедергі келтірді. Мұндай шарттылықтың жазуға жеңілдігі болмайтынын Ахмет Байтұрсынұлы әуел бастан-ақ жете түсінген. Бірақ өзге түркі халықтарының жазу дәстүрінен және халықтың көзі үйренген ескі қазақ жазуынан тым алыстап кетпеу үшін өтпелі кезең емлесі ретінде бұдан тиімді жол болмады.

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі құрамындағы таңдалған кейбір қаріптерге қанағаттанбай, өз нұсқаларын, өз жобаларын ұсынған зиялылар да болды. Олардың қатарында Ғабдулғазиз Муса, Шәкірім Құдайбердіұлы, А. Бекмұхамедов, Нығыметолла Күзембаев, «Ғалия» медресінің шәкірттері т.б. бар. Дегенмен 1912 жылы қабылданған бұл әліпби мен оның емле ережелері 1922 жылға дейін өзгеріссіз қолданылды.

1923 жылы Білім кеңесі қабылдаған емле ереженің жоғарыдағы 1, 2, 3-баптары осы түйткілдерді шешуге арналды. Атап айтқанда: Жарты дауысты [й] дыбысына өз алдына дербес

таңба арнау үшін бұрын [ы] және [й] дыбыстарын ортақ таңбалайтын «*ی*», «*ي*», «*ی*» қаріптерін екі жүйеге бөлді: нүктесіз «*ی*»-ның астына екі нүкте қойып, екі нүктелі «*ي*», «*ي*» қаріптерімен бірге бір жүйеге келтіріп, жарты дауысты [й] дыбысын таңбалайды, ал оның нүктесіз түрлері – «*ی*», «*ي*», «*ی*» қаріптерімен [ы] дыбысын таңбалады. «*ی*», «*ي*», «*ی*» қаріптері қазіргі төте жазуда да дәл осы мәнде, [ы] дыбысын сөз шеніне қарай таңбалау үшін қолданылады.

Бұл шешім Ахмет Байтұрсынұлында жазу реформасының алғашқы жылдарында-ақ болған. Бұл туралы ғалым Ғ.Мусаға жауап ретінде «Қазақ» газетіде жариялаған «Жазу мәселесі» атты мақаласында былай дейді: «Мен бұл «*ي*», «*ي*» белгілерін былтыр әліппе жазып жүргенде «*э*» емес, «*ы*» орнына алмақшы болып бір ұйғарып, тағы да ол ойдан қайтып едім. Қайтқаным: «оны қойсақ та, қоймасақ та оқуы бір ғой, қойып не қыламыз» деген едім. «*مسق*» (мысық), «*أریق*» (арық), «*ارس*» (ырыс) деген сөздерді «*مسق*» (мсық), «*أریق*» (арқ), «*ارس*» (рс) деп жазсақ, екеуін де оқушылар бірдей оқиды ғой деп «*ي*», «*ي*»-лерді алмай тастап едім. Түбінде бұл белгілер алынатын болса, «*э*»<sup>1</sup> дыбысына емес, «*ы*» дыбысына алуға лайық. Өйткені «*ы*» орнына алсақ, жұртқа үйретусіз қабылдануы ықтимал» (Байтұрсынұлы, 1913: 4). Демек, сөз басында [ы] дыбысын жазбайтын болғандықтан, жеңілдік үшін [ы] [й] дыбыстарына жеке таңба арнауды қажет деп таппаған. Бірақ уақыт өте келе жазу жүйесі әр дыбысқа жеке-жеке таңба қажет екенін көрсетті.

[Ы] [й] дыбыстарына жеке таңба арнау сөз басындағы [ы] дыбысының жазылу-жазылмауымен байланысы екені 1923 жылғы ереженің 1-бабындағы: «*ي*» (ы) қарпі бітеу буында ғана жазылмайды, бас буын ашық болса, онда да қалмай жазылып отырады. «*ي*» (ы) бас буында жазылмайды деген ереже бұзылады» деген бөлігінен де көрінеді. Бұдан [ы] дыбысына байланысты екі ереже: «Бас буын ережесі» және «Бітеу буын ережесі» болғанын көреміз. Бұлардың алғашқысы жойылып, [ы] дыбысы сөз басы мен бас буынның ашық түрінде жазылатын болып түзетіледі. Бұл өзгеріс [ы] дыбысының өз алдына таңба болуын қажет етті. Өйткені [ы] дыбысы бұрынғыдан гөрі көбірек және сөз шенінің маңызды тұсында жазылатын болды. Ғалымның және Білім кеңесінің «Бітеу буын» ережесінің бір бөлігін жоюы дұрыс шешім болды. Бұл сыртқы суреті ұқсас танылатын сөздердің қатарын біршама азайтты.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» (Қазақ тілінің сарфы) кітабының 1914-1922 жылдардағы 4 басылымына еніп, 12 жыл қолданыста болған «Бітеу буын ережесі» мынадай: «*Ы* харфі бас буында һәм барша бітеу буында жазылмайды. Ашық буында қалмай жазылды. Мәселен: «мы-сық» жазылады «ы»-сыз «мсық» ... болып» (Байтұрсынов, 1914: 14). Бұл ереже Байтұрсынұлының жазу теориясында «фонема» ұғымын танытады.

1923 жылғы ереженің 2-бабы бұған дейін өз алдына таңбасы жоқ [у] дыбысына жеке таңба арнау туралы. Бұл үшін бұрын [ү], [у] дыбыстарын таңбалауға ортақ қолданылатын «*و*» қарпін тек [ү] дыбысының таңбасы етіп қалдырады да, «*و*» таңбасының үстіне үш нүкте қойылған «*ؤ*»-ды жарты дауысты [у]-дың таңбасы етіп белгілейді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін жариялаған 1912-1913 жылдардың өзінде [о] [ү] [у] дыбыстарының «*و*», «*ؤ*» таңбалары туралы көптеген пікірлер, ұсыныстар айтылып, талдаулар жасалған. Әсіресе жарты дауысты [у] дыбысын арабтың дәл осы дыбысты таңбалайтын «*و*» таңбасымен таңбалау туралы жобалар ұсынылған. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы Ғ. Мусаға жауап мақаласында: «Менің олай еткенім: «*о*» дыбысы – қазақ сөзінде анық толық дыбыс. Ноғай тілінде біздің «*о*» дыбысы келетін жерлерімізге толық «*у*» [үу] келеді. Мысалы, біз «от» дейміз, ноғайлар «ут» [үут] дейді, біздер «тоқ» дейміз, олар «туқ» [түүк] дейді. Бұл сөздерді осылай жазсақ, біз өзімізше «*о*» етіп оқуымызға кемшілігі жоқ, ноғайлар өзінше «*у*» [үу] етіп оқуына кемшілігі жоқ», – дейді (Байтұрсынұлы, 1913: 4). Демек, мұнда да түпнұсқа (араб) әліпби таңбаларының мәніне жақындаудан гөрі, түркі халықтарының ортақ жәдит жазу жүйесінен көп алшақтамауды көздеген ғалым ұстанымы анық көрінеді. 1923 жылдарға дейінгі 10 жыл ішінде қазақ емлесі біршама орнығып, жазу жүйесі дағдыға айнала бастаған. Сондықтан да жұрт қабылдап үлгерген [о] [ү] дыбыстарының «*و*», «*ؤ*» таңбаларын өз қызметінде қалдырып, тек таңбасы жоқ жарты дауысты [у]-ға ұзын айтылатын және кірме сөздердегі [у] дыбысын таңбалау үшін қолданылып келген «*ؤ*» таңбасын арнайды. Осымен А. Байтұрсынұлы әліпбиіндегі әр дауыстыға жеке-жеке таңба арнау мәселесі толық шешімін табады.

<sup>1</sup> Түпнұсқа бойынша берілді. Ғалым мұнда «*э*» деп қазақ тіліндегі [e] дыбысын орысша таңбамен беріп отыр.

1923 жылғы ереженің 3-бабы [e] дыбысының таңбаларына енген түзету туралы. Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы қабылдаған әліпбиінде оған дейін [e], [ы\i], [и\й] дыбыстарын таңбалау үшін қолданылып келген көлденең екі нүктелі «ә», «ё» таңбаларының екі нүктесін тікшелеп, «ә», «ё» түрінде өзгертеді де, оны сөз басы мен бас буында ғана [e] дыбысын таңбалау үшін қолданады. Бұл туралы Баяншы еңбегінде былай дейді: «ә, ё» (э) – «چچچه» (шеше), «كېمه» (кеме), «كېرمه» (керме) деген сөздерде «ш»-ның, «к»-нің, «м»-ның соңында естілетін дыбыстың қарпі. Бұл дыбысқа тура келетін араб алфбасында қаріп жоқ. Бұл дыбысты осы күнде жазып жүрміз: сөз басында болады «ә», ортасында, аяғында болады «ә», я болады «ё». Мұны осы жөнімен жазып, бірақ қайсысы қай жерде жазылатын орындарын айырып, және де басқа қаріптерден анық айыру үшін түсін азырақ қана өзгеру қажет деп ойлаймын. Бұрын бұлай «ә» жазған орнына, енді бұлай «ё» жазылса деймін. Мұнан араб қарпі онша бұзылмайды. Жазудың тәртіпті болуы үшін былай ету қажет. Мысалы, «ایت» (ит) деген сөз бен «ایت» (ет) деген сөзді бірдей жазсақ, ол – жазуымыздың тәртіпсіздігі болар еді. Бұл екі сөздің мағынасы қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа. Айтылуы басқа сөздерді бірдей жазуға жол жоқ. Негізгі жол: айтылуы басқа сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) басқа жазу, айтылуы бірдей сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) бірдей жазу» (Байтұрсынұлы, 1920: 8). Бұл таңба әуелден-ақ әр дауыстыға өз алдына таңба арнау ұстанымы бойынша жасалған. Оған қоса араб әріптерінің тұрпатын бұзбау, өзге түркі халықтарының жазу дағдысынан алыстамау мақсаты да көзделген. Өйткені өзге түркі халықтары да «ә», «ё» таңбаларын сөз басындағы [e] дыбысын таңбалау үшін қолданған және сөз басы мен бас буынында осы таңбалармен жазылатын сөздер түркі халықтарында біртұрпатты (сыртқы суреті бір) болып келеді. Бұған дәлел – Түркістан аумағында, Ташкентте басылған кітаптарда [e] дыбысы 1922 жылға дейін осы «ә», «ё» қаріптерімен таңбалануы.

Дегенмен Байтұрсынұлының бұл түзетуінен соң да сыртқы тұрпаты (суреті) ұқсас болудан туындайтын сөздерді шатастырып оқу мәселесі толық шешілмеді. Мысалы, «كېرمه» (керме) – «كېرمه» (кірме), «ایت» (ет) – «ایت» (ит) сөздерінің сыртқы суреті бірдей болып, кейде ағат оқуға соқтырып, жылдам сауат ашуға, шатаспай аңғаруға өзіндік кедергісі болатын. Сонымен қатар бір дыбыс үшін алынған «ё», «ә» таңбасы мен «ё» таңбасы бір жүйеге бағынбайды. Сондықтан да 1923 жылғы ережеде «ё» таңбасын әліпбиден түбегейлі шығарып, оның орнына қосылмай жазылатын (мысалы, «ر» (p), «ز» (z) т.б.) әріптерден кейінгі [e] дыбысын таңбалауда қолданылып келген «ё» таңбасын алады. Осымен [e] дыбысының таңбалану жүйесі толық шешімін табады және бұл таңбалар қазіргі төте жазуда да дәл осы күйінде қолданылып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінің 43 номерінде жариялаған «Жазу жөндеу» атты мақаласында: «Қазақ тіліне араб алфбасында бар қаріптерден бас-басына қаріп арнап алып, сол қаріптермен қазақ сөздерін еш кемшіліксіз жазып отырмыз», – деп жазады (Байтұрсынұлы, 1913: 1). Мұндағы «Бас-басына әріп арнау» деген сөзді «Кей дыбыстар ортақ қаріппен жазылса да, оларда қадімдегідей харакат емес, таңбасы бар» деген мағынада түсінген дұрыс сияқты. Шын мәнінде, жоғарыда талдап көрсеткеніміздей, 1912-1922 жылдар аралығындағы «Байтұрсынұлы әліпбиінде», жіңішке дауыстылар мен жарты дауысты дыбыстарды назарға алғанда, бір таңба бірнеше дыбыстарды таңбалауға жұмсалды. Тек 1923 жылғы «Қазақ тілінің жаңа емле ережесінде» ғана бұл олқылықтар түзетіліп, дыбыстық әліпбидің «бір дыбыс – бір таңба» ұстанымы толық жүзеге асады. Дегенмен мұнымен де А.Байтұрсынұлы емлесі қадім, жәдит жазу жүйесінің элементтерінен толық тазармады. Ол тек 1924 жылғы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» ғана жүзеге асты.

1923 жылғы ереженің 4-5 баптары – мәні жағынан басқа баптарға жақындығы аз, кірме дыбыстарға арналған өзінше бөлек ереже:

4. Қазақ тіліне сіңісіп кеткен, ішінде қазақ тілінде жоқ «х», «ч», «ф», «h» дыбыстары бар жат сөздерді жазу үшін қазақ әліпбиіне арабтың «خ» (x), «ش» (ч), «ف» (ф), «ه» (h) қарпі кіреді. Бұл төрт қаріппен белгіленетін дыбыстар да қазақтың өз тіліндегі дыбыстар сықылды, әр қайсысы екі түрлі, қатты да, жұмсақ та айтылады делініп, бұл қаріптермен жазылған сөздердің алдында да керегінде дәйекші («ء») қойылып жазылады;

5. Ішінде «خ» (x), «ش» (ч), «ف» (ф), «ه» (h) дыбыстары бар жат сөздер, мағынасы бұзылып

кетпейтін болса, ішіндегі жат дыбыстары шығарылып, орнына қазақ тіліндегі дыбыстар қойылып, қазақ тілінің дыбыс қиынына үйлестіріліп айтылып, һәм солай жазылады. Жоғарғы төрт хәрф, ішіндегі жат дыбыстарды шығарып тастағанда сөздің мағынасы бұзылып кететін болғанда ғана, сол жат дыбыстарды белгілеу үшін жазылады. Ондай сөздерді әркім әртүрлі жазып кетпейтін болуы үшін Білім кемесіесі жат сөздерді тізіп, лұғат жазып шығарады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиіне 1912-1922 жылдары тек төл 24 дыбысты ғана енгізеді де, кірме дыбыстар мен олардың таңбаларын 1913 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралы» («Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазатын қаріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген әліппеге жалғас 2-кітап») еңбегінде бөлек береді (Байтұрсынов, 1913). Бұл еңбек осы жылы бір-ақ рет басылып, одан кейін жеке кітап ретінде қайта басылмаған. Мұнда қазақ әліпбиінен алынып тасталған 12 кірме дыбыстың қаріптері және харакаттар берілген. Бұлардың қатарында «خ» (х), «ش» (ч), «ف» (ф), «ه» (h) қаріптерінің төртеуі де бар. Ахмет Байтұрсынұлы бұл таңбаларды 1912 жылы қазақ әліпбиінен шығарғанымен, «Қазақ» газеті мәтіндері мен «Тіл-құрал», «Оқу құралы» т.б. еңбектерінде (мысалы, алфба, һәм, харф, т.б.) кірме сөздерді жазуда үздіксіз қолданған. Біздің ойымызша бұл үрдіс аталған қаріптердің 1923 жылы қазақ әліпбиіне ресми түрде енуінің басты себебі. Яғни 1912 жылы бұл дыбыстарды қазақ әліпбиінен шығарғанымен, олар жазылатын кейбір кірме сөздерді қазақ тілінен шығару алғашқы кезеңде мүмкін болмаған, қолданысы дағдыға айналған кейбір кірме сөздердің орнын басатын термин сөздер де тапшы болған. Сондықтан мұны 1923 жыл ережемен бекітіп, ресми түрде қазақ әліпбиіне енгізуге мәжбүр болған. 1923-1924 жылғы А. Байтұрсынұлы әліпбиінде 30 таңбаға дейін жетуі осы таңбалардың есебінен.

Бұл 4 дыбыстың қазақ әліпбиіне неге енгізілгені туралы 1923 жылғы емле ережені арнайы талдаған «Жаңа жазу ережелері» атты мақаласында Таймінер (М.Дулатұлы) былай дейді: «Мұнан, қазақ тіліне жат дыбыстар сіңіскенінен тілдің бұзылатынын Білім комиссиясы білмеген емес, оны біле, көре тұра, арабтың 4 қарпін амалсыз алғаны көрініп тұр... Арабтың 4 қарпін Білім комиссиясы қазақ әліпбиіне кірістіргенде, ол қаріптермен белгіленетін жат дыбыстар қазақ тіліне, ескі молдалардың арқасында сіңісіп кеткен, енді шығарып тастауға мүмкін болмаған соң, амалсыз кірістірген. «Хүкімет» деген сөз қазақтың өз сөзі сықылды болып кеткен, «х»-дан жиреніп, оны «үкімет» десең, сөздің мағынасы бұзылады. «Тарих» деген сөздің ішіндегі «х»-ты да шығарып тастап, орнына басқа дыбыс алуға мүмкін емес. Арабтың 4 қарпін қазақ әліпбиіне кірістіргендегі мақсат – ол қаріптердің тек осындай бірен-саран сөздерге ғана керектігі» (Таймінер, 1923: 89). М.Дулатұлы айтқандай, аталған кірме дыбыстардың қазақ тілінің дыбыстық заңын бұзбау қамы, жоғарыда көрсетілгендей, Ереженің 5-бабында көзделген. Бұл дыбыстар 1923-1924 жылдары ғана қазақ әліпбиінен орын алып, 1924 жыл өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде қазақ әліпбиінен қайта шығарылған. Тіпті, 1940 жылға дейін қолданыста болған «Қазақ-латын» әліпбиінде де кездеспейді. Алайда қазіргі «төте жазуда» бұл дыбыстардың бәрі де бар және осы таңбалармен таңбаланады.

Қазіргі таңда жазу тарихын терең білмейтін тіл мамандары мен қарапайым зиялы қауым «خ» (х), «ش» (ч), «ف» (ф), «ه» (h)-ларды орыс тілінен енген дыбыс санайды. Шын мәнінде бұл дыбыстардың тіл жүйесіндегі тарихы терең, ғасырлар бойы дағдыға айналып, қазақ тіліне көптеген кірме сөздермен бірге мықтап еніп үлгерген.

Тағы бір айрықша айта кететіні, Түркістан республикасындағы Аймақтық Білім комиссиясы да қабылдаған бұл Ережеде аталған 4-бап бар, алайда төрт кірме дыбыстың үшеуі бар да, «ش» (ч) дыбысы кездеспейді. Мұның себебі аталған өңірдің тілдік ерекшелігімен байланысты деп ойлаймыз. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі [ш] дыбысы үшін, өзге түркі халықтарынан қазақ жазуын тым алыстатпау мақсатында, олардың бәрінде бар, тек қазақ тілінде жоқ [ч] дыбысын таңбалайтын «چ» қарпін алғанын айтады. Демек, бұл өңірде онсыз да «چ» қарпімен жазылатын [ч] дыбысының таңбасы ретінде «ش» қарпін ережеге енгізудің қажеті болмаған.

Түркістан республикасындағы Аймақтық Білім комиссиясы қабылдаған Ережеде 1923 жылғы Емле ереженің 5-бабы алынып тасталған. Сондықтан да ҚазАКСР Білім кеңесінде



қабылданған ережеде 13 бап бар да, Түркістан Республикасы Білім комиссиясы мақұлдаған ережеде 12 бап бар. Бұл баптың алынып тасталу себебі түркі халықтары аралас қоныстанған осы өңірдің тілдік ерекшелігі аталған дыбыстар кездесетін кірме сөздерді қазақ тіліне бағындырып айтуды қабылдамайтындығынан болса керек.

1923 жылғы ереженің 6-бабы «ұу/үу», «ыу/іу» қосақ дыбыстардың емлесі туралы:

6. «*ق*» (у)-дың алдында дұдамал естілетін дауысты дыбыстың «*ق*» (ұ), «*ی*» (ы) екенін: дұдамал дыбысты ашық буынның аяғына келтіріп, сөзді өзгертіп айтқанда «ұ» болып естілсе, «*ق*» қарпі жазылады («сұуы» – «сұу»; «тұуы» – «тұу»); «ы» болып естілсе, «*ی*» (ы) қарпі тақырыпты ереже бойынша ашық буында жазылып, бітеу буында жазылмайды («жазыуы» – «жазу»; «сұлуы» – «сұлу», «оқуы» – «оқу»).

Ахмет Байтұрсынұлының дүдәмал дыбыстарды буын ашу арқылы анықтау әдісін 1923 жылдан бастап қолданады және ол [ұу], [ыу] қосақ дыбыстардың сөз шеніндегі позициясына қатысты. Бұл мәселе 1912 жылыдан бастап-ақ көтерілді. Ғалым қазақ емлесіне арналған алғашқы еңбектерінің бірі – «Жазу тәртібі» атты мақаласында былай дейді: «*ق*» сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі: *құрақ*, *құлақ*, *құрғақ* деген сөздер ішіндегідей. Сөздің аяғында анық естіледі. Мысалы, *ағу*, *ату*, *асу*, *азу* дегендей. Сөздің басқа жерінде ұзын һәм анық айтылады. «*ق*» (ұ)-дан «*ق*» (у)-ды айыру керек. «*ق*» (у) – жарты дауысты дыбыс. Бұл дауысты дыбыстардың соңынан ғана айтылады: «*تاو*» (тау), «*تاوق*» (таук), «*توورا*» (тұура), «*برهق*» (бреу), «*ايكهق*» (екеу) деген сөздер ішінде айтылғандай. «*ق*» сөздің бас буынында анық һәм ұзын естілсе, ол «*ق*» менен «*ق*» қатар келгендіктен, онда «*ق*» менен «*ق*» екеуін де жазуға керек. Сөздің бас буынынан басқа жерде «*ق*» ұзын-қысқа естілсе де жалғыз «*ق*» жазылады: «*اچق*» (ашу), «*اچولانق*» (ашулану), «*تاتوق*» (тату), «*تاتولق*» (татулқ), «*تاتولاسق*» (татуласу) деген сөздер сықылды. Қысқасы, сөздің бас буынында «*ق*» ұзын, һәм анық естілсе, екі қаріппенен жазарға: «*توورا*» (тұура), «*توومس*» (тұумс), «*بوون*» (бүүн), «*بوورا*» (бүүра) дегендей» (Байтұрсынұлы, 1912: 104-105). Ғалымның бұл тұжырымнан алғашқы кезеңде [ұ] дыбысы мен [ұу] қосақ дыбысын бір дыбыс ретінде қарастырғаны байқалады. Мұнда «сөздің бас буынында және бас буыннан басқа жерде ұзын естілсе» дегені – [ұу] дыбысын меңзеп айтқаны. Ал бас буында қысқа әрі дұдамал естілсе, [ұ] дыбысы болады. Ұзын естілгенде бас буында [ұу] түрінде толық жазылады да, бас буыннан басқа буында [ұ] түсіріліп, жарты дауысты [у] дыбысы ғана жазылады. Бұл, былай қарағанда, «Бітеу буын» ережесіне де ұқсайды. Бұл туралы Таймінер (М.Дулатұлы) былай дейді: «Бұрын бірдей естілетін «ыу» мен «ұу»-ды бірдей жазатын едік, «ыу»-дың орнына да «ұу» жазатын едік, ол жеңіл көрінетін еді. Жаңа ереже бойынша «ыу»-дың орнына «ұу» жазуға болмайды» (Таймінер, 1923: 87). Демек, мұндағы өзгеріс – бұрын бас буында да, басқа буында да «ұу» түрінде жазылатын қосақ дыбыстар, 1923 жылғы ережеде бас буында ғана «ұу», басқа буында «ыу» жазылатын болып екі түрге жіктелу. Мұның мәні – бас буыннан басқа буында ұзын естілген жерде тек «ұу» қосақ дыбысы бар деген түсінікті жойып, оның «ұу» күйінде бас буыннан басқа жерде жазылмауын, яғни [ұ] дыбысының бас буыннан басқа буында айтылмайтын қазақ тілінің заңдылығын сақтау, сондай-ақ «Бітеу буын» ережесін пайдаланып, [ыу] қосақ дыбысын жеңілдік үшін [у] түрінде жазу.

1923 жылғы ереженің 7, 8, 9, 10, 11, 12-баптары түбір мен қосымшаның емлесі туралы:

7. Бұрын «*تن*» болып жазылатын етістік жалғауы «*ق*» (ұ) қарпімен «*تۇن*» делініп жазылады («оқитұн», «жазатұн»).

8. Қосалқы сөздер түбір сөзге сызықшамен («-») жалғанып жазылады.

9. «*ما*», «*با*» қосалқы сөздері түбір сөз бен жалғаудың арасында келсе, түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады («келе-місін», «жақсы-мысын»). Бұл сөздер «еді» деген етістіктің алдында келіп, өзінің алдындағы сөзбен үшеуі бір сөз сықылды айтылатын болса, қосалқы сөз алдындағы сөзге сызықшамен жалғанып, «еді» бөлек жазылады («келер-ме еді», «келер-ме екен»).

10. «Еді» деген етістік пен алдындағы сөздің арасында «*игі*» деген сөз болып, үшеуі бір сөз сықылды айтылатын болса да, үшеуі үш бөлек жазылады («келсе игі еді»).

11. Жалпылағыш қос сөздер арасына сызықша қойылып жазылады («аяқ-табақ», «төсек-орын», «киім-гешек»). Жалқылағыш қос сөздің екеуі бірдей қатты, я екеуі де жұмсақ айтылатын болса, екеуі бірге жазылады. Біреуі қатты, біреуі жұмсақ айтылатын болса,

арасына сызықша қойылып жазылады («басқұр», «жел-бау», «Сандыбай», «Тәтті-бай», «Кенесары»).

12. Етістіктің бірінші жақық жалғауы «-м» болса, оған сәйкес екінші жақтық жалғау «-ң» болады. Етістіктің бірінші жақтық жалғауы «-мын» болғанда, оған сәйкес екінші жақтық «-сын» болады («бардым» – «бардың»; «барамын» – «барасын»).

Ереженің 7-бабы Байтұрсынұлы 1914-1922 жылдардағы өтпелі кезеңін емлесінде болмаған. Бұл жылдарда, «Бітеу буын ережесіне» сәйкес, жұрнақ екі қаріппен «тн» түрінде жазылатын. 7-бап «Тіл-құрал» еңбегінің барлық басылымдарында ереже түрінде берілмеген, тек 1923 жылдан кейінгі басылымдарында (4, 5, 6, 7-басылымдар) және өзге де оқулықтарда «тын» жұрнағы «тұн» түрінде жазылған. Яғни біз талдап отырған 7-бап арқылы қазақ емлесіне еніп, ұдайы қолданыста болған. Ереженің бұл бабы Ахмет Байтұрсынұлының жазуды ауызша сөйлеуге жақындату ұстанымы негізінде жасалғаны анық. Бұл туралы Таймінер былай дейді: Бұрын «жазатұн», «оқитұн», «баратұн» деген етістіктердің аяғындағы «тұн»-дарды бұзып, «тн» (тын) деп жазатын едік. «Тұн»-ды екінші түрлі қылып «тұғын» деп айтуға болады, «жазатұн» дегеннің орнына «жазатұғын» деуге болады. Басқа түрік халықтары біздің «тұн»-ымызды «тұрған» деп те айтады: «жазатұн»-ды «жазатұрған» дейді. Бұл «тұн»-дардың ішіндегі дүдәмал дыбыс «ы» емес, «ү» екені анық. Сондықтан «тұн»-ды, бұрынғыдай бұзып, «тын» деп жазған – тілді бұзуға тырысқан болады» (Таймінер, 1923: 88).

7-бапта айтылған «қосалқы сөз» ұғымын Ахмет Байтұрсынұлы енгізген және «Тіл-құрал» еңбегінде негіздеген. Аталған сөзге мынадай анықтама береді: «Қосалқы сөз дегеніміз – өз алдына мағынасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда ғана мағына шығатын сөз. Мәселен: да, гой, ғана (мал да, жан да, солай гой, осы ғана)» (Байтұрсынов, 1914: 19). Яғни, жеке тұрғанда мағынасы күңгірт, белгілі сөзбен қосыла айтуды қажетсініп тұратын, негізгі сөздерге қосалқы бөлшек ретінде жүретін сөздер қосалқы сөздер деп аталған. Бұл – қазіргі шылаулар. Ал Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» еңбегінде шылауға үстеулер мен демеулерді (бүгінгі демеулік шылау) жатқызады. Ғалымның қосалқы сөзге берген анықтамасы мен мысалдарына зер салсақ, оған шылаулар ғана емес, кейбір көмекші көздер мен жұрнақтар да (паз, қой) енеді. Қалай десек те, Байтұрсынұлы еңбектерінен қосалқы сөздердің анық сипаты мен оған енетін сөздердің нақты ауқымын тану қиынға соғады.

Әдетте лексикалық мағынасы жоқ жалғау-жұрнақтар түбірлерге жалғасып, бір екпінде айтылады, өз алдына бөлек екпінмен айтылмайды. Сол сияқты, кейбір қосалқы сөздер де түбірмен бір екпінде айтылады. Байтұрсынұлы – қазақ сөздерінің бірге-бөлек жазылуында екпіннің айрықша қызмет атқаратынын байқаған және оны тәжірибеде қолданған ғалым. Сондықтан да ол қосалқы сөздердер түбірмен бір екпінде айтылатынын ескеріп, түбірмен бірге жазуды ұйғарған.

А.Байтұрсынұлы «-» белгісін «қосарлық» деп атап, сөздерді семантикалық тоғыстырушы қызметінде жұмсайды. Сонымен қатар, сөздең семантикасын тоғыстырғанымен, тұлғасын біріктірмеу қызметі де бар. Жуан буынды сөздер мен жіңішке буынды сөздер бір ұғымда жұмсалып, бір екпінмен айтыла келе, бірігіп, кірігіп, аралас буынды сөзге (мысалы, тікұшақ) айналып кетпеу үшін арасына сызықша «-» қойған. Бұл – қазақ тілінің үндестік заңын бұзатын жуан-жіңішке, аралас буынды сөздердің санын көбейтпеу үшін шығарылған ереже. Назар аударсақ, қосалқы сөздердің қатарында үндестік заңына бағынбайтын «ғана», «паз» сияқты сөздер бар. 1922 жылға дейінгі Байтұрсынұлы емлесінде қосылқы сөздер бөлек жазылған. Сол себепті 1923 жылғы ережеде мұны түзетіп, қосалқы сөздер түбірмен бір екпінде, бір ұғымда жұмсалғанымен, бірігіп кетпеуі үшін арасына «-» қойған.

1923 жылғы Ереженің 9-бабы – 8-баптың жалғасы: арасы сызықшамен жазылатын бейүндес сөздерге жалғаулар жалғанғанда, түбірдің екпініне бағынатындықтан, сызықшадан кейінгі қосалқы сөздермен бірге жазылады. Бұлай болғанда бір ұғымды білдіріп, біртұтас сөз ретінде де жұмсалады, сондай-ақ аралас буынды сөздер ретінде бірігіп те кетпейді. Ал өз алдына екпінмен айтылатын көмекші сөздер бөлек жазылады.

1923 жылғы Ереженің 10-бабы да – 9 баптың жалғасы. Мұнда ғалым көмекші етістіктердің, тіпті көмекші есім сөздердің де дербес екпінмен айтылатынын, біртұтас күрделі ұғымды білдіру

үшін негізгі сөзбен орынтәртiбi арқылы байланысып, грамматикалық мағына үстейтiнiн жақсы түсiнген. Сондықтан да олар көмекшi етiстiктердi бөлек жазуды ұйғарған. Ал «игi» сөзi – өз алдына дербес лексикалық мағынасы бар, сөйлем iшiнде дербес синтаксистiк қызмет атқара алатын сөз. Сондықтан ол түбiрден бөлек жазылады.

1923 жылғы Ереженiң 11-бабы бұрынғы ереженi одан сайын жетiлдiру, нақтылау, зерттеу нәтижесiн емлеге енгiзу бағытында жасалған. Бұл ереженiң негiзi жобасы «Тiл-құрал» еңбегiнiң 1914 жылғы басылымында алғаш берiлген. Мұнда: «Қос сөздердiң арасы сызықшамен («-») жазылады: *айақ-табақ, киiм-кешек*», – деп берiлген. Ғалымның *қос сөздер* деп отырғаны – қазiргi *қос сөздер* мен *бiрiккен сөздер* (ол кезде бiр сөз болып айтылатын, бiрақ бiрiге қоймаған сөздер. Мысалы: *жел бау, жүк аяқ* т.б.).

1923 жылы қос сөздердi жалпылағыш қос сөздер, жалқылағыш қос сөздер деп екi топқа бөледi. Мұндағы *жалпылағыш* қос сөздер – бiр сөз ретiнде бiр екпiнмен емес, өз алдына дербес екпiнмен айтылатын, өзара жақын ұғымдарды бiр-бiрiне қатыстырып, жалпылай атап, күрделi бiр ұғымды бiлдiретiн сөздер, яғни қазiргi қос сөздер. Ал жалқылағыш қос сөздер – бiр атауды бiлдiрiп, бiр екпiнмен айтылатын, өзiнiң бастапқы лексикалық мағынасынан гөрi, соның негiзiнде жасалған жаңа ұғымды бiлдiретiн екi немесе одан да көп сөздер. Бұлар тек бiр ұғымды, жалқы, жалғыз мағынаны бiлдiретiндiктен жалқылағыш қос сөз аталған. Тұжыра айтқанда, жалқылағыш қос сөздер – бiрге жазылуға сұранып тұрған сөздер. Бiрге жазылуы тиiс сөздер ұдайы бiрiңғай жуан, не бiрiңғай жiңiшке буынды болып келмейдi, кейде әрыңғай, аралас буынды болып келедi. Жоғарыда 8-9 баптарды талдау кезiнде айтылғандай, бұндай сөздер бiрiгiп, бiр сөзге айналып кетпеуiн және соның салдарынан қазақ тiлiнiң үндестiк заңы бұзылмау үшiн аралас буынды сөздер сызықша («-») арқылы жазылған. 1924 жылы Қазақ бiлiмпаздарының тұңғыш съезiндеде бұл бап өзгерiссiз қабылданып, ережеге енедi. Ал бүгiнгi таңда, жалқылағыш қос сөздер күрделi сөздер ретiнде танып, қос сөздерден бөлек қарастырылатыны белгiлi және жуан-жiңiшке, аралас буынды болуына қарамастан, сызықшасыз бiрге жазылады.

1923 жылғы Ереженiң 12-бабы түбiрге жалғанатын қосымшаның жазылуына байланысты. Бұл А.Байтұрсынұлы еңбектерiнде арнайы ереже ретiнде берiлмейдi. Бiрақ «Тiл-құрал» (Сөз жүйесi мен түрлерi) кiтабының 1920 жылғы басылымында етiстiктiң райлары тарауында ашық райдың осы шағының 2-жағын алғаш рет «-сн» деп бередi. Мысалы, *жазасын, жылайсын, күресесiн, жуынасын, қаздырасын* т.б. (Байтұрсынов, 1920: 76). Жiктiк жалғауының екiншi жағы неге «-сын» болып жазылатыны туралы 1924 жылы өткен Қазақ бiлiмпаздарының тұңғыш съезiнде ғалым былай дейдi: 2-жақтық жiктеу «-сын» болмай «-сың» болсын деген – қисынсыз: 1-жақтық жiктеу, тәуелдеулер «-м» болғанда ғана, 2-жақтық жiктеу «-ң» болады; 1-жақтық жiктеу «-мын» болғанда, оған сәйкес, 2-жақтық жiктеу «-сын» болуға тиiс. «-Мын»-ның асылы – «мен», «-сын»-ның асылы – «сен» болуға керек. Бұлардың аяғындағы дыбыстары – «ң» емес, «н», сондықтан «сын»-ды «сың» деп жазудың жөнi жоқ. «Халықтың аузында бiрсыпыра жерлерде «сын» демей, «сың» дейдi» деген – дәлел емес, тiлдiң негiзгi ережелерiн бұзып, қатадан айтылған сөз түрiн елiктеу – қисынсыз (QBTS, 1924: 29). Съезде 2-жақ жiктiк жалғауының «-сын» емес, «-сың» болып жазылуы керектiгi туралы бастама көтерген Е.Омарұлы болатын. Съез талқылай келе, алғашында қазақ тiлiнде екi түрi де бар деп қаулы қабылдағанымен, М.Дулатұлының «бiреуiн ғана қалдыру керек» деген ұсынысы бойынша қайта қаралып, Ахмет Байтұрсынұлының «-сын» нұсқасы қабылданады. Бұдан 1923 жылғы Ережеге бұл бапты кiмнiң енгiзгенi және 13 баптан тұратын осы емле ереженi жасауда Ахмет Байтұрсынұлының үлесi қаншалықты еткенiн аңғаруға болады.

1923 жылғы Ережеде мазмұны жағынан басқа баптардан мүлде бөлек тұрғаны – 13-бап:

13. «Сан белгiсiне арабша цифрлар (1, 2, 3...) алынады. Арабша цифрмен нөмiрленген бiр ұғым өз iшiнен жiктелiп, әрбiр жiгiн нөмiрлеу үшiн, һәм басқа сол сықылды орындарда үндi цифрлары (1, 2, 3...) жазылады. Араб цифрларымен нөмiрленген ұғымдарды тап-тапқа бөлiп, әр тапты нөмiрлеу үшiн һәм басқа сол сықылды орындарда Рум цифрлары (I, II, III...) қолданылады. «Нөмiр» деген сөздi белгiлеу үшiн Латынша «N» хәрфi жазылады, әуелi цифр жазылып, «N» цифрдың сол жағына жазылады («72-ншi нөмiр» деген сөз «№72» болып жазылады)».

Бұл ереже Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде кездеспейді. 1923 жылға дейін қазақтілді мәтіндер мен басылымдарда ғана емес, барлық түркі тілдес халықтарда үнді сандар (•, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10) кеңінен қолданылған, тіпті қадім, жәдит жазуларында да тек осы сандар жазылатын. Түркі халықтары араб жазуын қолданып келсе де, араб сандарын қолданбай, үнді сандарын қолданудың орнығуында өзіндік себеп болса керек.

1918 жыл 14 қыркүйекте Жалпыроссия Орталық атқару комитетінің «*Жер жүзіне бірдей метрик өлшеуін һәм таразысын жүргізу*» туралы қарары шығады. Сол қарардың негізінде Түркістан Республикасы Халық комиссарлар кеңесі арнайы қаулы шығарып, 1923 жылдың 1 қаңтарынан бастап ескі өлшем жүйесі мен өлшеу құралдарын қолданыстан шығарады. Сол себепті ескі сандардың орнына жер жүзіне ортақ араб сандары қолданылады. Бұрын да үнді сандарымен аралас қолданылып келгендіктен, араб сандар тез дағдыға енді. 1925 жылдан кейін ескі үнді сандары қолданыстан мүлде шығарылады. Ал рим сандарының үлкен тақырыпшаларға қойылуы осы 1923 жылғы ережеден кейін кеңінен қолданысқа енген. Тағы бір айта кететіні, 1923 жылға дейін қазақша мәтіндерде қолданыста болған «нөмір» сөзінің орнына «№» таңбасы алынады.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, 1923 жылы ҚазАКСР мен Түркістан Республикасы аумағында бірдей қабылданған бұл емле ережесі 1923-1924 жылдары екі республика аумағында кеңінен қолданысқа еніп, осы орфографиялық нормамен көптеген еңбектер жарық көрген. Ереже А.Байтұрсынұлының қолданыстағы емлесіне енгізілген түзетулерден ғана құралады. Сондықтан бұл жылдардағы қазақ тілінің емле ережесі деп осы 13 баппен толықтырылған А. Байтұрсынұлы емлесін айту қажет. ҚазАКСР Білім кеңесі дайындаған бұл емле ережені зерделей келе, оның мән-маңызы туралы төмендегідей тұжырым жасауға болады:

1. Бұл – ұжымдық ойдың және өркениетке аяқ басқан қоғам үлгісінде қабылданған қазақ тілінің емле ережесі;
2. Бұл емле ереже ХХ ғасырдың 20-жылдарынан кейін қазақ мәтіндерінің сапасы артып, кодификациясы күшейгенін, қазақтілді жазармандардың графикалық білімі өскенін көрсетеді;
3. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасының ұлттық кезеңінің басталуы болып, мұнда өтпелі кезеңдегі А. Байтұрсынұлы емлесінен қадім, жәдит жазуының элементтерін тазарту көзделген.

*Бұл мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2022-2024 жылға арналған «Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасы: теориясы мен тәжірибесі» (AP13068356) атты гранттық зерттеу жобасы аясында жарияланды.*

### Әдебиеттер

- А.Б. (Ахмет Байтұрсынұлы). Жазу мәселесі // «Қазақ» газеті. – 1913. – №34. – №35. – №36.
- А.Б. (Ахмет Байтұрсынұлы). Жазу тәртібі // «Айқап» журналы. – 1912. – №4-5.
- Байтұрсынов А. «Тіл-құрал» / Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық. – Ташкент: Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссариаты, 1918. – 42 б.
- Байтұрсынов А. Оқу құралы / Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазатын қаріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген әліппеге жалғас 2-кітап. – Орынбор: «Керимов, Хусейінов» баспасы, 1913. – 49 б.
- Байтұрсынов А. Оқу құралы / Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфбаға Баяншы. – Қазан: «Б-Я» мемлекеттік баспа, 1920. – 15 б.
- Байтұрсынов А. Тіл-құрал / Қазақ тілінің сарфы. 2-жылдық. – Ташкент: Түркістан Республикасының үкімет баспасы, 1920. – 96 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» (Дыбыс заңы һәм түрлері. Бірінші тілтанытқыш кітап, 4-рет басылуы). – Орынбор: Қазақстан мемлекеттік баспасөз бөлімі, 1924. – 46 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Дыбыс заңы һәм түрлері. Бірінші тілтанытқыш кітап, 3-рет басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекеттік баспасөз бөлімі, 1923. – 46 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық. – Ташкент: Түркістан мемлекеттік баспасы, 1922. – 96 б.
- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық. 1-басылуы – Орынбор: «Ғ.Ғ. Хусайынов

ушркасының парауай матбуғасы», 1914. – 53 б.

Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық. 2-басылуы. – Қазан: «Лито-Типография УМИД», 1920. – 49 б.

Байтұрсынұлы А. Жазу жөндеу // «Қазақ» газеті. – 1913. – №43.

Әміржанова Н., Әбсадық А. Байтұрсынұлы әліпбиінің фонематикалық негізі // Тілтаным. – 2023. – №3 (91). – 15-24-бб.

Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 242 б.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі (ҚБТС). – Орынбор: Қазмембас, 1924. – 121 б.

Қашқари М. Түркі тілдер сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – Т. I. – 588 б., Т. II. – 585 б., Т. III. – 597 б.

Мамырбек Г. Емле мәселесіндегі Жүсіпбек Аймауытұлының ұстанымдарын мысалға алуымыз керек // «Abai.kz» ақпараттық порталы. – 2019. – 19 наурыз.

Маралбек Е. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы // Туған тіл. – 2019. – №3. – 7-20-бб.

Момынова Б. «Қазақ» газеті (1913-1918): әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 256 б.

Момынова Б., Әнес Ф., Әнес Ү. Особенности правописания и пунктуации в процессе апробации письма усулоти (тотэ жазу) в газете «Казах» в начале XX в. (1913-1918 гг.) // Вестник СПбГУ. Востоковедение и африканистика. – 2023. – №3. – Т. 15. – 568-587-бб.

Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсын және қазақ әліпбиі // Шалқар. – 1993. – №40.

Таймінер (М.Дулатұлы). Жаңа жазу ережелері // «Қызық Қазақстан» журналы. – 1923. – №17-18. – 84-89-бб.

Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.

## References

Baitursynuly A. (1918) «Til-qural». Qazaq tilinin sarfy. 1-zhyldyq ["Language-tool". Phonetics of the Kazakh language. 1st year]. – Tashkent: Commissariat of Public Education of the Republic of Turkestan, 1918. – 42 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1913) Oqu quraly. Qazaqtan basqa turki, arab, parsy sozderine zhazylyatyn qaripterdi uiretu ushin ham oquga toselu ushin tartip etilgen Alfbaga zhalgas 2-kitap [Educational tool. 2nd book of the ordered alphabet to teach the writing fonts for Turkish, Arabic, Persian words in addition to Kazakh and to prepare for reading]. – Orynbor: "Kerimov, Huseyinov" publishing house, 1913. – 49 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1920) Oqu quraly. Usul sutia zholyment tartip etilgen qazaqsha alfbaga Baianshy [Educational tool. Narrator of the Kazakh alphabet arranged according to the method of sutie]. – Qazan: "B-Ya" state publishing house, 1920. – 15 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1920) «Til-qural». Qazaq tilinin sarfy. 1-zhyldyq. 2-basylyuy [Language-tool. Phonetics of the Kazakh language. 2nd year]. – Tashkent: Government publishing house of the Republic of Turkestan, 1920. – 96 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1920) «Til-qural». Qazaq tilinin sarfy. 1-zhyldyq. 2-basylyuy ["Language-tool". The use of the Kazakh language. 1st year. 2nd edition]. – October: "Lito-Tipography UMID", 1920. – 49 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1924) «Til-qural». Dybys zany ham turleri. 1-tiltanytqysh kitap. 4-basylyuy ["Language tool" (Law and types of sound. The first book of language education, 4th edition)]. – Orinbor: Department of the State Press of Kazakhstan, 1924. – 46 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1923) «Til-qural». Dybys zany ham turleri. 1-tiltanytqysh kitap. 3-basylyuy ["Language tool". Law and types of sound. The first language book, 3rd edition]. – Orinbor: Department of the State Press of Kazakhstan, 1923. – 46 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1922) «Til-qural». Qazaq tilinin sarfy. 1-zhyldyq ["Language-tool". Phonetics of the Kazakh language. 1st year]. – Tashkent: Turkistan State Publishing House, 1922. – 96 p. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1914) «Til-qural». Qazaq tilinin sarfy. 1-zhyldyq. 1-basylyuy ["Language-tool". Phonetics of the Kazakh language. 1st year. 1st edition]. – Orynbor: "G.G. The printing press of Husayinov ushrka", 1914. – 53 p. (in Kazakh)

A.Б. (Ahmet Baitursynuly). (1913) Zhazu maselesi [Writing problem]. – "Kazakh" newspaper. – 1913. – No.34. – No.35. – No.36. (in Kazakh)

A.Б. (Ahmet Baitursynuly). (1912) Zhazu tartibi [Order of writing]. – "Aykap" magazine. – 1912. – No.4-5. (in Kazakh)

Baitursynuly A. (1913) Zhazu zhondeu [Editing]. – "Kazakh" newspaper. – 1913. – No43. (in Kazakh)

Amirzhanova N., Absadyq A. (2023) Baitursynuly alipbiinin fonematikalыq negizi [Phonemic basis of the Baitursynuly alphabet]. – Tiltanyim. – 2023. – No3 (91). – P. 15-24. (in Kazakh)

Kuderinova Q.B. (2013) Qazaq zhazuynyn tarihy men teoriasy. Oqu quraly [History and theory of Kazakh writing. Educational tool]. – Almaty: "Eltanyim Publishing House", 2013. – 242 p. (in Kazakh)

Qazaq bilimpazdarynyn tungysh siezi (QBTS) [First Congress of Kazakh Educationists (KBTS)]. – Orinbor: Kazmembas, 1924. – 121 p. (in Kazakh)

Qashqari M. (1997) Turki tilder sozdigi [Dictionary of Turkic languages]. – Almaty: "Khant", 1997. – Volume I – 588 p., Volume II – 585 p., Volume III – 597 p. (in Kazakh)

Mamyrbek G. (2019) Emle maselesindegi Zhusipbek Aimauytovtyn ustanymdaryn mysalga aluymyz kerek [We

should take as an example the positions of Zhusipbek Aimaulyuly on the issue of spelling]. – "Abai.kz" information portal. – March 19. – 2019. (in Kazakh)

Maralbek E. (2019) Ahmet Baitursynuly'nyn tote zhazyu [Akhmet Baitursynuly's short writing]. – Tugan til. – 2019 – No3. – P. 7-20. (in Kazakh)

Momynova B. (2022) «Qazaq» gazetі (1913-1918): alipbi, emle erekshelikteri zhane leksika-semantikasy ["Kazakh" newspaper (1913-1918): alphabet, spelling features and vocabulary and grammar]. – Almaty: Kazakh language, 2022. – 256 p. (in Kazakh)

Момынова В., Анес Г., Анес У. (2023) Особенности правописания и пунктуации в процессе апробации письма усул-сотіе (тотэ жазу) в газете «Казах» в начале XX в. (1913-1918 гг.) [Features of spelling and punctuation in the process of approving a letter usul-sotie (tote writing) in the newspaper "Kazakh" at the beginning of the 20th century. (1913-1918)]. – Vestnik SPBGU. Oriental studies and African studies. – Volume 15. – 2023. – No.3. – P. 568-587. (in Kazakh)

Syzdqova R. (1993) Ahmet Baitursyn zhane qazaq alipbii. Shalqar [Ahmet Baitursyn and the Kazakh alphabet]. – Shalkar. – 1993. – No.40. (in Kazakh)

Taiminer (M.Dulatuly). (1923) Zhana zhazu erezheleri [New writing rules]. – "Interesting Kazakhstan" magazine. – 1923. – No.17-18. – P. 84-89. (in Kazakh)

Uali N. (1999) Ahmet Baitursynuly zhane qazaq zhazyunyn ontogenezdik damuy [Ahmet Baitursynuly and the ontogeny development of the Kazakh script]. – The great fabric of the national spirit. Collection of scientific articles. – Almaty: Science, 1999. – 568 p. (in Kazakh)